

# Адам Иммунды Тапшылық Вирусы (АИТВ) және Жұқтырылған Иммунды Тапшылығы Синдромы (ЖИТС)



Орындаған: Уристемова Қ.А.  
427 топ ЖМ  
Қабылдаған: Талгабекова Н.К.

# Жоспар:

---

- ЖИТС
- АИТВ
- ЖИТС-тің тарихы
- Инфекция көзі
- Тұрғындар арасындағы таралуы
- АИТВ жұқтыру жолы
- ВИЧ-тің берілу жолдары
- АИТВ-нің жұғу және жұқпайтын жолдары
- Профилактика міндеті
- Пайдаланылған әдебиеттер

**ЖИТС** – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы – адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындайтын ауру.

**АИТВ** – дегеніміз адам ағзасында иммун тапшылығы вирусының болуы. Бұл инфекцияны жұқтырғаннан кейін адам өзін ұзақ уақыт (5-10 жыл) бойы сау сезініп жүреді. Дегенмен де, вирус дененің иммундық жүйесін бірте-бірте зақымдай береді. Иммун жүйесінің бұзылуынан адам ағзасы тіпті сау адамдар үшін түкке тұрмайтын түрлі инфекцияларға қарсы тұра алмайтын болады. Мұндай инфекцияларды ««оппортунистік», яғни қолайлы жағдайларды пайдалана алатын деп атайды. АИТВ-инфекциясының соңғы сатысын ЖИТС деп атайды.

- Қауіпті ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы – СПИД) дерті қайдан бастау алғанына тоқталсақ, оның жұқтырылған белгісі алғаш рет 1981 жылы АҚШ-та тіркелген. Ал ЖИТС-ке шалдығудың соңғы сатысы ВИЧ инфекциясын 1983 жылы француз ғалымы Л.Монтанье ашты. ВИЧ инфекциясы көп жылдар бойы адам ағзасында өмір сүріп, оның алғашқы белгілері пайда болғанша басқа адамдарға жұғуы мүмкін

- ДДУ мәліметі бойынша АИВ жұқтырғандардың саны 2000 жылдан кейін 40—50 миллионға жетуі ықтимал. ЖИТС-пен ең көп науқастанушылар АҚШ-та, Батыс Еуропа елдерінде (әсіресе Франция, Германия, Ұлыбритания, Италия), Орталық Африкада, Гаитиде тіркелген. Вирус ТМД мемлекеттерінде, Жапония, Шығыс Араб елдерінде кездесе бастады. Әдетте ЖИТС-пен қала тұрғындары жиірек ауырады. Оған жөнсіз жыныстық қатынас, шектен тыс сексуальдық еркіндік, жезөкшелік, гомосексуализм т. б. жайлар себеп болады. Көпшілік жағдайда ЖИТС-тен сексуальдық белсенділігі басылмаған жастағы ерлер мен әйелдер зардап шегеді.


# Инфекция көзі

- Вирус жұққан адам — вирус тасымалдаушылар, ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады. Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан әсіресе вирус тасымалдаушылар өте қауіпті.

# Әлемде ересектер мен балалар арасындағы АИТВ және ЖИТС таралу жиілігі

Восточная Европа и  
Центральная Азия


1.2 млн.



Всего: 34,6-42,3

миллиона

Источник:  
UNAIDS





- ЖИТС қалай жұғады?

---

- ЖИТС вирусы сау адамға мынандай үш негізгі жолдармен жұғады:

- 1) Жыныстық қатынас арқылы;

- 2) Адамның ауруы қаны арқылы (қан кұю, ауру адамға пайдаланған шприцтер, т.б.)


- 3) ЖИТС ауруы жұққан анадан баласына ауысу арқылы.

## АИТВ қалай жұқтырады?

---

Вирус ағзадағы барлық сұйықтарда болады, бірақ адам тек қан, шәует, қынаптық бөлінділер мен емшек сүті арқылы жұқтырады. Аздаған мөлшерде ол сілекейде, терде, көз жасында, кіші дәретте (зәрде) және басқа да физиологиялық сұйықтықтарда болады.

# Пути и факторы передачи ВИЧ-инфекции в г. Алматы



- |  |  |
|--|--|
| <span style="color: green;">■</span> в/в наркотики       | <span style="color: blue;">■</span> половой          |
| <span style="color: purple;">■</span> верти кальный      | <span style="color: grey;">■</span> не установленный |
| <span style="color: yellow;">■</span> гемотрансфузионный |  |

## АИТВ-инфекциясын жұқтырудың бірнеше жолдары бар:

- ✓ қорғалмаған (мүшеқапсыз) жыныстық қатынас арқылы (жыныс жолдары арқылы жұқтыру);
- ✓ зақымдалған тері қабаты мен шырышты қабаттар арқылы сау адамның қанына ауру жұқтырылған қан құйылған кезінде (донорлық жолмен жұқтыру);
- ✓ анадан балаға емшекпен емізу кезінде немесе босану жолдары арқылы өту барысында жұқтырылады (тікелей жұқтыру жолдары)

- ✓ анадан балаға емшекпен емізу кезінде немесе босану жолдары арқылы өту барысында жұқтырылады (тікелей жұқтыру жолдары)
- ✓ зарасыздандырылмаған инені немесе шприцтер мен басқа да инъекциялық құралдарды бірлесіп немесе қайтара қолданған кезде;
- ✓ татуировкалар немесе пирсингтер жасау үшін зарасыздандырылмаған құралдарды пайдаланған кезде;


✓ қан қалдықтары көрініп тұрған өзгенің қырыну құралдарын, тіс шөткесін пайдаланған кезде;

✓ қан құю кезінде (донорлық тәртіп бұзылған кезде).

✓ Жыныс жолдары арқылы жұқтырылатын (соз, мерез, хламидиоз, гарднереллез, трихомониаз және т.б.) кез-келген инфекцияның болуы сақтанусыз жыныстық қатынас жасау барысында АИТВ жұқтыру қаупін он есеге арттырады.

# Профилактика міндеті

ЖИТС тасымалдаушыларды анықтап, жұғу арнасын сенімді түрде жауып тастау. Осы мақсатта көптеген елдерде мынадай шаралар жүргізіліп жатыр: халықтың (тұрғындардың) кейбір топтарын сөзсіз және жоспарлы түрде лабораториялық тексеруден өткізу; донорлық, қанды, сперманы, органдарды тексеру; гемофилиямен ауыратындарды, нашақорларды, гомосексуалистерді, жезөкшелерді тексеру; ауырғандарды арнайы ауруханаға жатқызу және емдеу; сенім телефондарын ұйымдастыру; ЖИТС-пен ауырғандарға консультация және көмек беретін комиссия жұмысын ұйымдастыру; диагностикалық орталықтар, кабинеттер ашу т. б. Тұрғындар арасында ЖИТС жөнінде санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізудің ерекше маңызы бар.





## **АИТВ келесі жағдайларда жұқтырылмайды:**

- ✓ қол алысу, құшақтасу мен сүйісу, жөтелу мен түшкіру;
- ✓ тағамды ішіп-жеу, ортақ ыдысты, асхана құралдарын, сүлгілер мен төсек жаймаларын пайдалану;
- ✓ бассейнге, дәретхана мен душқа бару;
- ✓ АҚТҚ-инфекциясын жұқтырған адаммен бір бөлме ішінде болу;
- ✓ жәндіктердің шағуы мен хайуандардың тістеуі.

# АИТВ жұқтырмау үшін не істеу керек?

Келесі қауіпсіздік ережелерін сақтасаң

АИТВ жұқтырмауға болады:

- ✓ есірткіге әуестенбе;
- ✓ оларды көктамырға егуден аулақ бол;
- ✓ некелескенге дейін жыныстық қатынас жасама;
- ✓ бір адаммен ғана жыныстық қатынас жаса;
- ✓ мүшеқап қолдану арқылы өзіңнің жыныстық қатынасындағы қауіптілікті азайт

**ӨМІР АДАМҒА БІР-АҚ РЕТ  
БЕРІЛЕДІ!**

**ӨЗІҢІЗДІ НАДАНДЫҚ ШЫРМАУЫНАН  
БОСАТЫҢЫЗ**

**ӨЗІҢІЗДІ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРДЫ  
ҚОРҒАҢЫЗ.**



# Пайдаланылған әдебиеттер

---

- Әлімқұлова Р., Сәтімбеков Р. Ә 55  
Биология: Жалпы білім беретін  
мектептің 8-сыныбына арналған  
оқулық. - 2-басылымы, өңделген,  
толықтырылған. - Алматы: Атамұра,  
2008. - 320 бет.
- [Google.ru](http://Google.ru)